

Бекітемін
«Инвар Компаниясы» «Ар-Дана»
Балалар бақшасы
Меңгеруші: Сағындықова. З.Ж.
«31» «тамыз» 2021 жыл



Ересек «Құлыншақ» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған

«Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбындағы вариативтік компонентінің тақырыптық жоспары

Вариативтік компонент жоспары

Тақырыбы: «Табиғаттың кішкентай бөлшектері» күнтізбелік жоспары

№	Тақырып	Мақсаты	сағат саны
1	«Табиғаттың кішкентай бөлшектері»	Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, әсемдікті көре білуге, табиғатты қорғап аялауға үйрету. Балаларға қыс туралы түсінік беру, қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. Балалардың сөздік қорын байыту, тәрбиешіні тыңдай отырып өздігінен байланыстыра жауап беруге жетелеу. Балалардың табиғат жөнінде ой-өрісін дамыту.	1
2	Тақырыбы: «Туған ел»	Мақсаты: . Балаларды туған елінің табиғатымен таныстыру. Табиғатқа деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту; Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, денсаулығын сақтауға деген ниеттерін арттыру	2
3	Тақырыбы «Жер ананы жасыл етіп сақтайық!»	Мақсаты: Қоршаған орта, табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту. табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жаратылыстың әрбір заты мен мүшесін құрметтеуге, қоршаған ортаны қорғауға, сақтауға үйрету. Сүйіспеншілік, мейірімділік қасиеттерін дамыту	2
4	Тақырыбы: Жасыл шөп.	Мақсаты: Балалардың бейнелеу әрекетіне қызғушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту.	1
5	Тақырыбы: «Табиғат — біздің досымыз»	Мақсаты: Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.	2
6	Тақырыбы: «Қызғалдақ және бақбақ»	Мақсаты: Гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көктемде бірінші болып шығатын гүлдер туралы түсінік беру арқылы. Өз ойларын толық жеткізе білуге, өсімдіктің негізгі бөліктерін дұрыс атауға үйрету.	2
7	Тақырыбы: « Орманға саяхат»	Мақсаты: Балалардың бойында достық және қоршаған ортаға қызығушылық сезімдерін ояту. Балалардың жабайы аңдар туралы білімдерін бекіту. Жан-жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу	1
8	«Тақырыбы:	Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің, ерекшеліктерін	2

	Табиғаттың бір бөлшегі»	ажыратып айта білу, жабайы аңдар туралы түсінік беру, аңдардың ерекшелігіне қарап ажырата білуге үйрету, олардың тіршілік ету ортасын таныстыру арқылы, ойлау қабілеттерін және тілін дамыту. Балаларға қыс мезгілін және құбылыстарын үйрету.	
9	Тақырыбы: «Күзгі орман табиғаты»	Мақсаты: Күзгі ормандағы табиғи құбылыстарды, жылы жаққа ұшатын және қыстап қалатын құстар түрлері, олар жайлы мәлімет біледі, ағаш түрлері олардың түр сипаты, жапырақтары түсіндіру Жабайы жануарлар жайлы білімдерін толықтырады, сөздік қорлары, ойлау қабілет, зейіні дамиды. Табиғатты, жан-жануарларды, құстарды аялауға, күтуге тәрбиелеу	2
10	Тақырыбы: «Түймедақтар әлемі»	Мақсаты: балаларды көктемгі көрінісін бейнелей білуге үйрету. Табиғат тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Қоршаған адамдарға қуаныш сыйлай білуге, қамқор болуға үйрету.	2
11	Тақырыбы: «Өзен бойымен саяхаттаймыз».	Мақсаты: Қоршаған ортаны қорғау, суды ластамауға, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.	1
12	Тақырыбы: «Қара торғайдың ұясы.»	Мақсаты: Құстарды аялау және құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Балаларды құс түрлерімен таныстыру. Геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. Геометриялық пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш) «Қараторғайдың ұясын» құрастыруды үйрету	2
13	Тақырыбы: "Әдемі гүлдер"	Мақсаты: Көктем туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің атымен таныстыру. табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу.	2
14	Тақырыбы: «Күннің көзі және біз.»	Мақсаты: балаларға күннің көзінің бізге қандай пайдасы бар екенін үйрету, қоршаған ортаны ластамауға тәрбиелеу.	2
15	Тақырыбы: «Су – тіршілік көзі.»	Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау. Қазіргі кезде адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат-ананы қорғап, аялауға үйрету. Суды ластамауға тәрбиелеу.	2

16	Тақырыбы: «Айға саяхат»	Мақсаты: Аспен әлемі туралы түсінік беру. Сөздік қорларын арттыру. Жылдың қай мезгілі екенін анықтап, балаларды әңгімеге тарту.	2
17	Тақырыбы: Жай лауға саяхат	Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атап, байланыстырып сөйлеу. Төрт–түлік малды атап, төлдерін ажырату, санау. Балаларды үй жануарларын және олардың төлдерін дұрыс атап, дыбыстарының дұрыс айтуын жетілдіру. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	2
18	Тақырыбы: «Аспан әлеміне саяхат»	Мақсаты: Аспан әлемі туралы түсінік беру, балалардың сандар, геометриялық пішіндер туралы білімдерін беркіту, үлкен-кіші ұғымдарын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.	2
19	Тақырыбы: «Ағаш және оның қасиеті»	Мақсаты: Балаларды ағаштың қасиетімен таныстыру. Жасалған істен шешім шығара білуге үйрету. Айналадағы заттарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу	2
20	Тақырыбы: «Табиғат біздің досымыз»	Мақсаты: Балаларға табиғат, тіршілік қоршаған орта арасында байланысы жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағұлымат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға қадірлей білуге үйрету.	1
21	Тақырыбы: «Жабайы табиғат әлемі»	Мақсаты: Балалармен танысып, сәлемдесу ерекшеліктері туралы түсінік беру. Жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Жабайы жануарларды айыра білуге, атай білуге үйрету. Аңдардың балаларын тани білуге, атай білуге үйрету. Балаларға жануарлардың қысқы тіршілігі жайында түсінік беру. Олар қыстың суығынан қалай қорғанатынын, сыртқы бейнелері неліктен өзгертетінін, немен қоректенетінін, қыста жануарларға қамқорлық қажет екенін айтып түсіндіру.	1
		Барлығы	36

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, әсемдікті көре білуге, табиғатты қорғап аялауға үйрету. Балаларға қыс туралы түсінік беру, қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. Балалардың сөздік қорын байыту, тәрбиешіні тыңдай отырып өздігінен байланыстыра жауап беруге жетелеу.

Балалардың табиғат жөнінде ой-өрісін дамыту.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі

-Қыста неше ай бар?

Табиғат дегеніміз балалар ол бізді айналамызды қоршаған орта.

Табиғатқа нелер жатады?

Слайд қарау.

Балалар, табиғат әлеміне орманға саяхатқа барғыларың келеме?

Енді саяхатқа бару үшін мені тыңдаңыздар!

Жаттығу: Балалар денелеріңді тік ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмып, терең тыныс алып, таза ауаны жұтайық. (әуен "Табиғат үні")

Ал енді көздеріңді ашып, қандай әсер алғандарыңды айтыңдаршы?

Тәрбиеші:-Дұрыс айтасыңдар балалар, ендеше біз орманға келдік.

-Жерде не жатыр?

-Ауа райы қандай?

-Айналаға қараңдаршы, не көріп тұрсыңдар?

-Ағаштардың жапырақтары бар ма? Неге?

-Ағаштардың пайдасы бар ма ?

Балалар сурет тұр, қараңдаршы.

Орманды өрттен қорғайық. (сурет)

Балалар орманға саяхатқа барғанда от жағуға бола ма, қалай ойлайсыңдар?

-Орманға барғанда от жағуға болмайды. Себебі орман ағаштары жанып кетеді. Аңдар күйіп қалады. Құстар мен жәндіктерге зиян тиеді.

-Дұрыс айтасыңдар балалар, орманға барғанда от жағуға болмайды.

Табиғатты қорғауымыз керек.

-Балалар, тыңдаңдаршы жылаған дауыс естіледі? Бұл кім екен?

Қоян:-Сендер кімсіңдер? Орманда не істеп жүрсіңдер?

Тәрбиеші: Бұл 2-сәбилер тобының балалары. Біз орманға саяхатқа келдік. Ал

сен неге жылап жүрсің

Қоян: Маған достарым хат жазып және кездесетін орнымыздың сызбасын қағазға салып беріп жіберіпті, мен сол жолдардың бәрін өттім, бірақ мен оларды таба алмай жүрмін.

-Қоян қәне қағазыңды қарайық сен жүрген жолдырыңды көрсет. Балалар Қоянның өткен жолдарына белгі ретінде қоянның суретін жапыстырайық және кімдермен кездесетінін анықтайық.

Жапсыру.

-Жарайсыңдар балалар, менің кездестін достарым сендер екенсіңдер ғой, өте қуаныштымын. Балалар мен жол жүріп шаршап қалдым.

-Балалар қәне онда Қоянмен бірге бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды,

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып жүгірді.

Балалар қарандаршы табиғат деген қандай әдемі, балалар біз табиғат жайлы тақпақтар білемізбе?

Күн сәулесі төгілгені әдемі,

Алуан түрлі қызыл гүлдер әдемі.

Сылдыр қаққан мөлдір суда әдемі.

Биік-биік шыңдарым да әдемі.

Айдын көлде аққу қандай әдемі,

Сұңқар құстың самғағаны әдемі.

Даланы әнге бөлеген құстарым қандай әдемі,

Табиғатпен сырласуда әдемі.

Жер – Ананы аяласаң жан – тәніңмен,

Боласыңдар сендер де, дүниедегі ең әдемі!

Сүйейік, табиғатты аялайық!

Біз де онан жақсылықты аямайық!

Табиғаттан нәр алған ғой жанымыз,

Ұсынайық жүрек нұрын бәріміз.

-Балалар сендермен ойын ойнағым келіп тұр

Ойын: "Өз үйіңді тап"

-Қоян біздің балалар саған арнап сыйлық алып келді.

Қоян;-Рахмет балалар қандай білімді, ақылды балаларсыңдар, мен өте қуаныштымын. Сендердің жасаған сыйлықтарыңды ормандағы достарыма көрсеткенше асығып тұрмын. Менде достарыма сыйлық алып келдім.

-Қоян сені көргенімізге бізде қуаныштымыз, біздің топқа қайтатын уақытымыз болды. Сау бол!

Топқа қайту.

Күтілетін нәтиже: Табиғаттың маусымдық өзгерістерін білу.

Табиғаттың сұлулығын күтіп, баптауды түсініктерін игерді.

Табиғатты қорғау, аялау дағдыларын меңгерді.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\Ж «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: «Туған ел»

Мақсаты: . Балаларды туған елінің табиғатымен таныстыру. Табиғатқа деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту; Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, денсаулығын сақтауға деген ниеттерін арттыру.

Сәлеметсіңдер ме, балалар? Сендермен кездескеніме қуаныштымын. Бүгінгі күн біз үшін қуанышты болатынына сенімдімін.

Біз әдепті баламыз,

Жайнай берсін даламыз.

Табиғатпен дос болып,

Қамқорлықпен қараймыз.

Біз бүгін адамның өзінің туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілік, қамқорлық көрсету керектігін түсіндік.

- Күн мейірін шашса, жаңбыр жерге нәр береді.

Ал құстар біздің досымыз. Олар бізге тамаша ән салып, көңілімізді көтереді, табиғатқа көрік береді.

Жеміс ағаштары, көкөністер Жер - Анадан өсіп өнеді екен. Барлығымыз айнала қоршаған табиғатқа қамқор болып, оны күтіп, баптап, сүйіспеншілікпен қарауымыз керектігін білдік.

Күтілетін нәтиже: Табиғат әдемілігін сақтау үшін ең бірінші не керек екенін. Өзінің туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілік, қамқорлық көрсету керектігі

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы «Жер ананы жасыл етіп сақтайық»

Мақсаты: Қоршаған орта, табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту. табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жаратылыстың әрбір заты мен мүшесін құрметтеуге, қоршаған ортаны қорғауға, сақтауға үйрету. Сүйіспеншілік, мейірімділік қасиеттерін дамыту

Қайырлы таң, достарым!

Қайырлы таң, достарым!

Шеңберге тұрайық

Жылулық сыйлайық!

Тәрбиеші:- Біз қазір неге ұқсап тұрмыз? әрине Күнге. Иә балалар жер атаулының атауының қайнар көзі – күн - ол бізге не үшін керек? Күн бізге жарық, жылу береді Бәріміз күнге қолымызды созайық! Күннен не алдық? жылу алдық. Осы күннен алған жылуымызды бір бірімізге таратайық - балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі. Қыс айларында ауа райы қандай болды? Қыста күн боран, суық болды.

Есік соғылып ішке Жер Ана кіреді: О, менің перзенттерім! Менің қойыным кең. Сендерді әр уақытта мейірімді құшағыма аламын. Менің саялы бағымды, мөлдіреген таза кіршіксіз өзен – көлдерімді, сиқырлы сазды үнді құстарымды, жалпы табиғат атаулыны аялап, сүйіндер. Бұл кейінгі ұрпақ, сендерге аманат.

Балалар сендер кім келгенін білдіңдерме? Жоқ

Бұл - Жер Ана. Табиғат дегеніміз - бізді қоршаған орта, оған (аспан, су, ағаш, гүлдер, өсімдіктер, күн) жатады. Табиғат өздігінен, адамның қатысуынсыз жаралған табиғи заңдылық. Ол тірі және өлі табиғат болып екіге бөлінеді.

Тірі табиғатқа – ағаш, гүл, шөп, т. б олар өздігінен өседі. Өлі табиғатқа су, тас, құм жатады. Олар өспейді, дем алмайды, денесінде жаны жоқ.

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Біз оған ұқыптылықпен қарауымыз керек. Бау - бақшада және өсіп тұрған ағаштар мен гүлдерге қомқорлық жасау керек.

Күн, су, ауа, гүл, адам айтысы

Күн: Бота Мен шуақты күнмін! Мен бәріне жылуымды,, нұрымды, беремін.

Егер мен болмасам, табиғатта болмас еді Сондықтан табиғатқа көрік беріп тұрған менмін!

Су: Жұлдызай Мен мөп - мөлдір, тап - таза, сыңғырлаған сумын. Мен болмасам осындай сұлу табиғат болар ма еді? Табиғатқа көрік беріп тұрған мен.

Гүл: Ақзия Мен әсем гүлмін! егер мен болмасам жер үсті жайнайтын ба еді? Менің арқамда табиғат әсем болып тұр. Табиғатқа көрік беріп тұрған мен гана.

Ауа: Ағыла Мен таза ауамын! Табиғаттағы барлығы мен арқылы демалады
Егер мен болмасам ешкім тіршілік ете алмас еді. Табиғатқа ең керекті
менмін.

Адам: Асел Мен дүниедегі ең күшті, ақылды адаммын. Менен асқан ешкім
жоқ бұл жалғанда. Сондықтан да бұл өмірдің иесі де киесі де менмін.

- Дұрыс айтасыңдар!

Күн болмаса жарық жылуды қайдан аламыз.

Су болмаса өсімдіктерді, қалай суарамыз

Ауа болмаса қалай тыныс аламыз

Гүл болмаса табиғатымыз әдемі болмайды

Адам осы қоршаған ортадағы талдарға өсімдіктерге пайдасын тигізеді, күтіп
баптайды.

Балалар біздер тәртіпті балалармыз. Табиғатты қорғау біздің міндетіміз.

Тәрбиеші : ендеше гүлдер бағына саяхатқа шығамыз. балалар гүлдер не
үшін керек?

Бөлменің ауасын тазартады, біздердің көңіл - күйлерімізді көтеру үшін, біз
гүлдерге қарап қуанамыз, әдемілік үшін қажет.енді гүлді қалай отырғызу
керектігін үйренеміз. Барлығымыз мұқият қарап отырыңдар. Бөлме гүлін
отырғызамыз

Құнарлы қара топырақ толтырылған гүлдің құтысын кішкене тереңіретіп
қазып гүлдің көшетінтамырын үзіп алмай кішкене ыдысқа саламыз.

Түбіне су құямыз.Түбін жақсылап топырақпен нығыздап басамызүстіне тағы
су құямыз

Міне; гүлімізді отырғыздық гүліміз әдемі болып ,өсу үшін тағы су құямыз
«Табиғатты аялайық» ойыны

Әр бала табиғат түрлерін плакатқа жапсырып , табиғат көрінісін бейнелейтін
тыйым сөздерді айту керек.

Гүлді жұлуға болмайды.

Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді

Суды ластауға болмайды, өмір жоқ

Күнімізді бұлт баспасын,

Көбелекті өлтірмеңдер, ол- әдеміліктің белгісі

Құсты атуғаболмайды, құс адамның досы

жасыл шөпті жұлуға болмайды , ол жерімізге көрік беріп тұрады

Аңдарды қорғауымыз керек , ол- біздің байлығымыз

Тәрбиеші: Адамдардың табиғатсыз күні жоқ,

Табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ.

- Кәне, балалар, барлығымыз қонақтармен қоштасайық.

Кәне барлығымыз тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық

Көріскенше күн жақсы,

сау - саламат болайық

сау болыңыздар!

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Жасыл шөп.

Мақсаты: Балалардың бейнелеу әрекетіне қызғушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту.

Таңғы шеңбер:

Топ, топ басайық,
Жалаудан күн жасайық!
Жаса, жаса, алтын күн!
Жаса, жаса жарқын күн.

Бұзау өзінің жасыл шөпті жақсы көретін айтады. Өзіне жасыл шөп бергенін өтінді. Түстің түрін айтты: жасыл фломастер. Жасыл фломастер жасыл түсті салады. Таяқ суретші қалай сурет салатынын көрсетіп жатыр, және оның көлденең із қалдыратынын: теменнен - жоғарға шөп өсетінін. Әр баланың, фломастер алғанын қалайды, және онымен қалай қолданылатынын көрсетіп жатыр. Балаларға дәптерде сурет - салуды сұрайды. Қызығушылық туғызып жатқан балаға көмек көрсетіп жатыр.

Саусақ жаттығуы:

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Оларды атап шақырар,
Әрқайсысының аты бар.
Бас бармақ,
Балаң үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.

Бұзау тәрбиешінің артынан қайталап отыр. Фломастерді қарап тәрбиешінің қимыл қадағалап отыр. Балалар тәрбиешінің айтқанын тыңдап ұғып отыр. Тәрбиешінің айтқан сөзін қайталап отыр - жасыл шөп тәрбиешінің ауада жоғарыдан төмен қимылын қайталап жатыр

Күтілетін нәтиже

Балалар біз қандай сурет салдық?

Тәрбиеші сұрақ-жауап арқылы білімдерін қорытындылап, балаларды мадақтайды.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: «Табиғат — біздің досымыз»

Мақсаты: Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.

Тәрбиеші: Сәлеметсіңдерме балалар! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Ендеше бір-бірімізге деген жылы лебіздімізді білдіріп таңғы шаттық шеңдерін жасайық.

Арайлап таң атты
Алтын сәуле таратты
Жарқырайды даламыз
Жарқырайды қаламыз
Қайырлы таң достарым
Қайырлы таң бақшамыз

Тәрбиеші: Жақсы балалар орынымызға отырайық. Балалар қазір жылдың қай мезгілі. Көктем мезгілі.

Тәрбиеші: Көктем мезгілінде неше ай бар. 3 ай бар. (Наурыз, сәуір, мамыр)

Тәрбиеші: Балалар өткен сабақтарды еске түсіре отырып мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар.

Бір жерінде ыстық
Бір жерінде суық
Бір жерінде күн
Бір жерінде түн
Керемет алып неткен

Жер шары

Тәрбиеші: -Иә дұрыс айтасыңдар, міне мынау жер шары, пішіні қандай? Дөңгелек.

Тәрбиеші: Балалар біз қазір сіздермен «Жер шары» ойынын ойнаймыз.

Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер?

мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады. Мысалы: тәрбиеші «Жер шары» десе бала «адам» деп жылдам жауап беруі тиіс.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар! Адам, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар, гүлдер, таулар. Бұның барлығын бір сөзбен айтқанда не деп айтамыз?

Балалар: Табиғат.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар біз бүгін өткен сабақтарды еске түсіре отырып сіздермен осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз.

Ғажайып сәт

(Пошташы хат алып келеді)

Тәрбиеші: Табиғат аясындағы алма ағашы мен гүлдерден келіп тұр екен.

Хат

Сәлеметсізбе, құрметті балалар! Біз алма ағашы мен гүлдерміз. Біз сендерге жазда жандарыңа сая болатын, хош иіс беретін ағаш пен гүлдер едік. Кәзіргі кезде біздің қалым нашарлап бара жатыр біздерге адамдар көңіл бөліп қарамайды. Біздің айналамыз қоқысқа толып кетті, сусыз қурап бара жатырмыз. Біз сендерден сұрайтынымыз бізге көмек беріңдерші. Сәлеммен Алма ағашы мен гүлдер.
(Балалар хатты мұқият тыңдайды).

Тәрбиеші: -Балалар сендер, мейрімді де ақылды, сүйкімді балаларсындар ауламыздағы табиғатқа көмектесемізбе?

Ендеше Табиғат аясына шықпас бұрын. Табиғат ұғымымен тереңірек танысайық. Яғни өткен сабақтарды еске түсірейік.

Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.

Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер?

Ненің дыбысы деп ойлайсындар? Желдің үрлегенің, жаңбырдың жауғаның, құстардың, жан-жануарлардың дыбыстарын естідік.

Тәрбиеші: Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Табиғат екіге бөлінеді. Ол тірі табиғат және өлі табиғат.

Тірі табиғатқа: ағаш, шөп, гүл, адамдар, аңдар, құстар жатады, олар өседі, дем алады, көбейеді, денесінде жан бар.

Өлі табиғатқа: су, тас, құм, ауа жатады, олар өспейді, дем алмайды денесінде жаны жоқ.

Бірақ осы тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.

-Балалар қарандаршы экранда сылдырап ағып жатқан не екен?

Балалар: «Су»

-Дұрыс бұл су.

-Ал судың қандай пайдасы бар? Ішеміз, жуынамыз.

Тәрбиеші: Су- балалар өлі табиғатқа жатады, ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп екен. Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен.

Балалар мен сендерге тағы бір жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар.

Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің

Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не ? Ауа

— Ауа не үшін керек? Демалу үшін.

— Ауаның түсі қандай? Түсі жоқ, көрінбейді

Тәрбиеші:— Қолмен ұстауға болама? Жоқ қолмен ұстауға болмайды.

Тәрбиеші: Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады екен. Демек өсімдіктерге қамқор болуымыз керек екен. Балалар айналаға қарандаршы, біз ауаны көреміз ме? Жоқ.

Тәрбиеші: Ендеше балалар қазір біз тәжірибе жасап көрейік.

1-тәжірибе: Әр баланың қолына айна беріледі. Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді

2-тәжірбие: Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.

Тәрбиеші:— Көрдiңдер ме балалар ауасыз тыныс алу мүмкін емес екен.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Ал қазір бір ойын ойнайық (тірі және өлі табиғаттарды топтастыру).

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Табиғат жайлы біраз ұғымдарды біліп алдық. Енді табиғат аясына шығып алма ағашы мен гүлдерімізге көмек берейік. Бізді күтіп қалған болар. (Табиғат аясын коқыстардан тазартып, алма ағашына, гүлдерге су құйып көмектерін береді)

Тәрбиеші: Балалар сендердің көмектерің жақсы тиген сияқты. Қараңдаршы табиғатымыз тазарып ағаш, гүлдеріміз бастарын көтеріп қуанған сияқты. Табиғатымызды одан әрі көркейту үшін табиғат жайлы тақпақтар айтып берейік.

Жантөре:

Бұтақтарды сындырмай

Тазалықты сақтаймыз

Гүл өсіріп су құйып

Табиғатты қорғаймыз

Айару:

Бақта гүлдер тереміз

Бірге ойнаймыз күлеміз

Міне біздер қандаймыз

Табиғатты қорғаймыз

Нұрдаулет:

От та, суда, ауа да

Жан-жануар барлығы

Орман теңіз тауларда

Табиғаттың байлығы

Аружан:

Табиғат егіз адаммен

Ұқастық табам содан мен

Мәңгілік болсын егіздер

Жер – Ана, көк теңіздер

Тәрбиеші:— Міне балалар біз табиғатымызға көмектестік.

Ендеше балалар осы табиғат аясында бойымызды сергітіп бір тынығып алайық.

Балалар сендерге саяхат ұнады ма?

Балалар: Ия.

— Балалар бізге хат жолдаған нелер еді?

Балалар: Алма ағашы мен гүлдер.

— Балалар біз табиғат аясында нені білдік?

Балалар: Табиғаттың екіге бөлінетінін

— Тірі табиғатқа нелер жатады екен?

Балалар: Аңдар, құстар, жануарлар, ағаш, гүл шөп жатады.

-Ал өлі табиғатқа ше?

Балалар: Тас, су, ауа, құм жатады.

-Ендеше бүгінгі саяхаттан алған әсерімізді, табиғат көрінісін қағаз бетіне түсірейік.

Табиғатты қорғау үшін бәріміз күресейік,

Бір-бір ағаш және гүл егейік.

Текке отырмай жасымыз бен кәріміз,

Таза ауа үшін терімізді төгейік.

Күтілетін нәтиже Балалар, біз табиғат туралы айттық. Сендерге ұнады ма! Барлығың да бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстыңдар.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: ВҚ «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: «Қызғалдақ және бақбақ»

Мақсаты: Гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көктемде бірінші болып шығатын гүлдер туралы түсінік беру арқылы. Өз ойларын толық жеткізе білуге, өсімдіктің негізгі бөліктерін дұрыс атауға үйрету.

Балалар шеңбер құрап тұрады. Шеңбердің ортасында үлкен гүл өсіп тұрады. Тәрбиеші балалардың көңілін гүлге аудартып:

- Қараңдаршы гүлдің бір жапырағында хат жасырынып тұр екен, қане оқып көрейікші. Тәрбиеші хатты алып оқиды: «Сәлеметсіңдар ме ,балалар!

Сендерді көрмегеніме біраз уақыттар болып қалды, сендерді мен өте қатты сағындым менің гүлдер сарайыма бүгін қонақ болып қайтсаңдар қайтеді, сендерді күтемін " сәлеммен Гүл ханшайымы.

- Балалар, гүл ханшайымына қонаққа барайық па?

Балалар гүлдердің арасынан өтіп гүл сарайына келіп жетеді.

Гүл ханшайымы:

- Балалар сендердің келгендерің қандай жақсы болды, сендерді мен өте қатты сағындым, сендерге мен көптеген қызықты тапсырмалар, ойындар да дайындап қойдым, бәріміз қызықты уақыт өткізейікші, сендер тапсырмаларды орындауға дайынсыңдар ма?

Гүл ханшайымы:

- Балалар, қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер сол жұмбақтың жауабын тауып көріңдерші:

Өзі сондай нәзік,

Су құйсаң кетеді.

Алақаның жайып. (Гүл).

-Балалар, гүлдер не үшін керек?

Тәрбиеші:

Ал енді суреттен гүлдерді тамашалайық. Балалар, бұл бәйшешек гүлі.

Бәйшешек – сәндік өсімдіктер. Балалар бұл бәйшешек гүлі өзі кішкентай болса да суыққа төзімді қар ерісімен шығатын түсі ақ гүл екен. Бәйшешектің түсі қандай? Жапырағы қандай түсті?

-Балалар мынау бақ-бақ гүлі.

Бақбақ – көп жылдық, жол жиегінде, тау бөктерлерінде өседі. Бақбақтың тамыры мен сабағы дәрілік мақсатқа қолданылады.

-Бақ-бақтың түсі қандай?

-Жапырағы қандай түсті?

-Бақ-бақты орыс тілінде одуванчик деп айтамыз. Қане бәріміз айтайықшы.

Тәрбиеші:

-Балалар, мынау қоңыраугүл.

Қоңыраугүл – жапырағы жеуге жарамды. Қоңыраугүлді әсемдік, тағамдық және дәрілік мақсатта қолдану үшін өсіреді.

-Қоңыраугүлдің түсі қандай?

-Жапырағы қандай түсті?

-Қоңыраугүлді орыс тілінде колокольчик деп айтады. Қане бәріміз айтайық.

Тәрбиеші:

Қызғалдақ – көп жылдық өсімдік. Қазақстанның далалық аймақтарында жиі кездеседі. Қызғалдақ – ғашықтық, махаббат белгісі екен.

-Қызғалдақтың түсі қандай?

-Қызғалдақтың жапырағы қандай түсті?

-Балалар бұл қызғалдақ гүлі. Қане бірге айтайықшы, орыс тілінде – тюльпан деп айтады.

Тәрбиеші:

-Балалар, шаршадыңдар ма? Ендеше бір сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен боп өседі.

Гүл ханшайымы:

-Гүлдер қайда өседі?

-Дұрыс айтасындар балалар, гүлдер орманда, далада, бөлмеде өседі екен.

-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не қажет?

Д/О "Гүлдерді құрастыр"

Барысы: Балалардың алдарында гүлдердің бөлшектері араласып шашылып жатады, соларды бір түске келтіріп гүлдерді құрастырып қоюлары керек.

Ал балалар, біздің топқа қайтатын уақытымыз да келіп жетті, гүл ханшайымына үлкен рахмет айтып, қоштасайық.

Күтілетін нәтиже Сендер қандай гүлдердің түрлерімен таныс болдыңдар?

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: « Орманға саяхат»

Мақсаты: Балалардың бойында достық және қоршаған ортаға қызығушылық сезімдерін ояту. Балалардың жабайы аңдар туралы білімдерін бекіту. Жан-жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу

Достық шеңбері:

Ән айтуға барамыз

Досымызды табамыз

Сәлеметсің бе, міне мен

Дос болайын сенімен.

2.«Саяхатқа барамыз» психологиялық жаттығу ойыны

Саяхатқа барамыз

Дүрбімізді аламыз

И бұл не? И бұл кім?

Орман

Үстіне шыға алмаймыз,

Астынан өте алмаймыз,

Жанына бара алмаймыз. -Балалар, қарандаршы біздер ормандағы үйшікке тап болдық. Келіндер жақын келіп, байқап көрейік, мұнда не бар екен.Орман жаңғырығының даусы шағады:

«Сәлеметсіңдер ме балалар, орманға қош келдіңдер! Менің сендерге тапсырмам бар, жұмбақтардың шешуін дұрыс тапсаңдар, сендерге білім қазынасын жол көрсететін бағыттаушы картаның кескінін сыйлаймын.

Тыңдаңдар:

1. Өзі бір ку, жүрген жері айқай шу.

2. Дегендей ешкім тимесін,
Алыпты қадап инесін.

3. Орғыған қорқақ, көзі қияң
Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді.

4. Бұтадан бұтаға секіреді, кішкентай ғана шапшаң аң.

5. Үйшіктің терезелерінде отырған жануарлар суреттеріне, балалардың назарын аударады. (Жануарлардың атауларына байланысты сөздерге дыбыстық талдау тапсырмасы)

-Жарайсыңдар, менің тапсырмаларымды орындадыңдар. Енді, үйшіктің сол жағында бағыттаушы картаны алыңдар. Сендерге сәттілік тілеймін, жолдарың болсын!!»

3. «Саяхатқа барамыз» пс. Жат. ойыны Бағыттаушы карта бойынша Аюдың апанына келеді.

-Балалар, аюды ұйқысынан оятып жібердік қой.

АЮ: -У,У әрине, оятыңдар, енді менің тапсырмамды орындайсыңдар:

1. Мен қай мезгілде ұйықтаймын?

2. Мен нені жақсы көремін?

3. Мен қайда мекендеймін?

4. Мен қандай жануармын?

Аю өз ризашылығын білдіреді, «Керісінен ата»

«Саяхатқа барамыз» пс. жат. ойыны. Бағыттаушы карта бойынша Тиынның ініне келеді. Бұтақта отырған тиындардың себетіндегі алмалар мен саңырауқұлақтарды санау және салыстыру тапсырмаларын береді. Карточка бойынша жануарларды цифрлармен белгілеу тапсырмасы.

Сергіту сәті: «Үкі» саусақ гимнастикасы.

5. «Саяхатқа барамыз» пс. жат. ойыны. Бағыттаушы карта бойынша Құстар мекеніне келеді.

-Құстардың атауларын сұрайды.

Құстардың тапсырмаларын көрсетеді. (Көрнекі суреттерден ертегілерді анықтау)

-Балалар, келіңдер «Жануарлар қалай достасты?» ертегісін сахналап беріңдер.

6. «Саяхатқа барамыз» пс. жат. ойыны. Бағыттаушы карта бойынша Бұғыны көреді.

-Балалар, Орман жаңғырығы айтқан «білім қазынасына» келдік. Бұл «Күміс тұяқ» ертегісіндегі-Бұғы. Ол тұяғымен теуіп қазынаны дайындап қойыпты. (Сандық ішіндегі ойыншықтарды алып көрсетеді) көркем ою-өрнектері туралы айтады, ойыншықтарды көрсетеді.

-Ал енді балалар, қуыршақтарды көркем өрнегімен безендірейік. (Бояу мен қылқалам алуды өтінеді.) Балалалардың орындаған жұмыстарына қорытынды жасайды, мадақтайды. Бұғы өз сыйлығын ұсынады, қоштасады.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\Ж «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Табиғаттың бір бөлшегі

Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің, ерекшеліктерін ажыратып айта білу, жабайы аңдар туралы түсінік беру, аңдардың ерекшелігіне қарап ажырата білуге үйрету, олардың тіршілік ету ортасын таныстыру арқылы, ойлау қабілеттерін және тілін дамыту. Балаларға қыс мезгілін және құбылыстарын үйрету.

— Кәне бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Қандай тамаша! Шеңберіміз неге ұқсап тұр?

Күнге

-Күн бізге жарық, жылу береді. Біз де бір-біріміздің қолымызды қысып, алақанымыз арқылы бір-бірімізге жылу сыйлайық.

-Балалар алда келе жатқан жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі.

-Қыс мезгілінің ерекшеліктерін есімізге түсірейікші.

Қар жауады,күн суық болады,қалың киімдер киеміз.

-Балалар сендер үй жануарларын білесіңдер ме?

Түйе,жылқы,сиыр,қой,ешкі.

-Ал жабайы жануарларын білесіңдер ме?Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым кеп тұр,сендер жұмбақты дұрыс шешсеңдер,сол аңның бейнесі мына сиқырлы тақтадан көре аламыз.Олай болса дұрыс жауап беруге тырысыңдар.

Ендеше бәріміз тақтаға назар аударайық.

Жұмбақтар:

1.Ұзын құлақ, көзі қыли,

Қорыққан сайын секіреді ылғи.

(тақтадан қоян суреті көрінеді)

Қоян сәбізді жақсы көреді,ол қорқақ аң,
секіріп-секіріп жүреді . (Қоян)

Қыс бойы жатады,

Тәтті ұйқыға батады,

Балды жақсы көреді. (Аю)

Аю балды жақсы көреді,қыста ұйықтайды.Ол қорбаңдап жүреді, «о-о-о»деп ақырады.Кәне барлығымыз қайталайық.

4.Төрт түліктің қас жауы,

Жортауылдап жүреді,

Етті жақсы көреді.(Қасқыр)

-Қасқыр жыртқыш аң, тістері өткір,үй жануарларына шабуыл жасайды. Ол «ыр-ыр» деп ырылдайды. Кәне қайталап айтайық.

5.Өзі бір қу,

Жүрген жері айқай шу. (Түлкі)

Түлкі-айракер аң

Ең қорқақ аң- қоян.

Балды жақсы көретін аң-аю.

Қораға шабатын аң- қасқыр.

Ең айлакер аң-түлкі.

Балалар бұлардың барлығын жабайы жануарлар деп атаймыз,өйткені бұл аңдар орманда өмір сүреді сондықтан жабайы аңдар деп атаймыз.

Балалар осы аңдарды жақыннан көргілерің келеді ме?

Ендеше бойымыз сергіп қалсын, таза ауаға, орманға саяхат жасап, аңдарды көріп қайтайық. Ол үшін біз сыртқы киімдерімізді киіп алайық.

Тәрбиеші: Табиғатты қолдай біл,

Аң құстарды қорғай біл.

Табиғатты сүйеміз,

Оны қорғап жүреміз

(Орман тіршілігінің дыбыстары, құстардың дабыстары)

-Балалар орманға да келіп жеттік,

кане бір-біріміздің қолдарымыздан ұстап жүрейік.

Балалар қараңдаршы, қысқы орман көрінісі қандай тамаша, қар жамылған ағаштар. Шырша балалар жазда да, қыс мезгілінде де жап-жасыл болып тұрады. Балалар қараңдаршы қар үстінде ізді, кәне осы ізбен жүріп көрейікші, бұл қандай аңның ізі болды екен? (Қасқырдың)
(Шырша түбінде қоян жасырынып отырады, өзі көңілсіз.)

-Ой балалар бұл қандай аң? Неге көңілсіз отыр екен сұрайықшы.

Қоянмен амандасады.

-Сәлеметсізбе?

-Сәлеметсіңдер ме балалар мен ақ қоянмын.

Тәрбиеші: неге көңілсізсің қоян? Менің үйімді қасқыр бұзып кетті, күн суық, тоңып қалдым, маған көмектесіңдерші.

Тәрбиеші: балалар қоянға көмектесеміз бе?

Көмектесейік кәне іске сәт.

-Балалар қоян қандай аң? Қоян қорқақ.

-Ол қалай жүреді? Секіріп, секіріп.

-Қоян нені жақсы көреді? Сәбізді.

Балалар рахмет сендерге, енді тоңбайтын болдым. Сау болыңдар.

-Балалар кәне әрі қарай жүрейік, қолдарыңнан ұстап жүріңдер бір-біріңдеріңнен, калып қоймаңдар.

-Ой мынау қандай аң?

Қасқыр.

-Иә балалар қасқыр ғой.

-Сәлеметсің бе қасқыр?

-Сәлеметсіңдер ме балалар?

-Балалар мен нені жегенді жақсы көремін? Иә балалар мен ет жегенді жақсы көремін, қорадағы үй жануарларын жесем деймін.

-Балалар сендерге тапсырмам бар, егер орындамасаңдар, бәріңді жеп қоям.

-Балалар менің шартым: мына жерлерде көптеген жаңғақтар шашылып жатыр, олардың түстері қызыл және көк, осы жаңғақтарды түстеріне қарай ажыратып екі шелекке жинап бересіңдер, шелектің түсі де екі түрлі қызыл және көк. Көк жаңғақты көк түсті шелекке, қызыл жаңғақты қызыл шелекке саламыз. Балалар ойынды қызыға ойнайды

-Жарайсыңдар сендер ақылды балалар екенсіңдер, түстерді ажырата білдіңдер мен сендерді жемеймін, сау болыңдар.

Бәрекелді балалар ақылды, екендеріңді көрсетіп, жыртқыш аңнан құтылды. Балалар кәне әрі қарай жүрейік, қолдарыңнан ұстап жүріңдер калып қоймаңдар. Балалар мынау апан, бұл аюдың апаны.

-Аю қыста не істейді? Ұйықтайды.

-Аю нені жақсы көреді? Балды.

Ендеше мынау бал салынған бөшкені аюдың апанының жанына қойып кетейік, оянған кезде алып сендерге рахмет айтатын болады.

Әрі қарай жүрейік балалар тоңып қалған жоксыңдар ма?

Түлкі шығады. Балалар келе жатқан қандай аң?

Түлкі. Түлкі қандай аң? Қу, айлакер. Ендеше алданып қалмайық.

-Сәлеметсіңдер ме балалар, қандай әдемі балаларсыңдар.

-Сәлеметсіз бе түлкі иә менің балаларым әдемі,сүйкімді және ақылды,білімді балалар.

-Бәрекелді балалар, орманда келе жатқанда қандай аңдарды кездестірдіңдер? Қоян, қасқыр,аю ұйықтап жатыр,оған біз бал сыйлап кеттік.

Балалар осы аңдар туралы , дыбыстық жаттығу жасаймыз ба?

Ян-ян-ян секіреді ақ қоян,

Ю-ю-ю қорбандаған аю.

Ыр-ыр-ыр ол көкжал қасқыр,

Кі-кі-кі бұл қу түлкі.

-Жарайсыңдар балалар тапқыр балалар екенсіңдер,рахмет сендерге қош сау болыңдар.Балалар тоңып қалған шығарсыңдар, тобымызға қайтайық.

Балалар орманға саяхатымыз ұнады ма?

Иә.Енді сендермен бірге жаңа ғана өзіміз көріп қайтқан аңдардың бейнесін жасасақ деймін.Ол үшін балалар біз екі столға бөлініп отырамыз.Менің қолымда шырша және аяз ата суреттері бар,аяз атаның суретін алған балалар, аяз ата беліленген үстелге жайғасыңдар,шыршаны алған балалар шыршыаның белгісі тұрған үстелге жайғасыңдар.,Бірінші столдағы балалар сүлгіден қоянның бейнесін жасаймыз.

Ол үшін бізге күнделікті сүртініп жүрген сүлгіміз қажет.Сүлгіні аламыз балалар бұл қандай пішінге ұқсайды(төртбұрышқа) ,және бір бүктеп үшбұрыш жасаймыз,енді сүлгіні бұрыш жағынан бастап ораймыз,дәл ортасынан бүктейміз міне былай енді қыздардың шашына тағатын резеңкені өткіземіз,міне денесі пайда болды, енді бір резеңкені өткізіп қоянның басын жасаймыз,міне құлағы да пайда болды.Көзін жапсырамыз.

Ал балалар екінші топқа текшелерді пайдаланамыз, бұл текшелерде аңның суретінің бөліктері бар ,бөліктерін тауып құрастырып аңдардың бейнесін шығарамыз.

Балалар кәне жұмысымызға кірісеміз.

(балалар жұмыс жасап болса,орындарын ауыстырып жасамаған балалар жасайды.)

Балалар қызығушылықпен орындайды.

Балалар бүгін біздер күнімізді өте қызықты өткіздік,орманға саяхат жасап,жабайы аңдардың қалай өмір сүріп,немен қоректенетінін білдік,жүрістерін салдық,олар туралы тақпақ айттық және серуеннен келгесін сол көрген аңдарымыздың бейнесін құрастырдық.Бүгін бәріңде маған ұнадыңдар.

Қол ұстасып бәріміз,
Жарасады сәніміз.
Көріскенше күн жақсы,
Сау болыңыз бәріңіз!

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Күзгі орман табиғаты

Мақсаты: Күзгі ормандағы табиғи құбылыстарды, жылы жаққа ұшатын және қыстап қалатын құстар түрлері, олар жайлы мәлімет біледі, ағаш түрлері олардың түр сипаты, жапырақтары түсіндіру Жабайы жануарлар жайлы білімдерін толықтырады, сөздік қорлары, ойлау қабілет, зейіні дамиды. Табиғатты, жан-жануарларды, құстарды аялауға, күтуге тәрбиелеу.

- Балалар қазір қай жыл мезгілі?
- Күздің қай айы?
- Күздің айларын атаңдаршы?
- Күзде қандай табиғи өзгерістер болады?

Олай болатын болса балалар біз қазір күзгі орманды бақылауға саяхатқа барайық! Балалар көздерін жұмады сиқырлы әуен жығып, орманға саяхатқа аттанамыз! Балалар көзін ашады, орманға келдік!

Балалар қараңдаршы орманға баратын жолдың бәрі жапырақтармен жабылған.

Алтын күз ормандағы жануарлармен құстардың, ұйқыға кеткен өімдіктердің тыныштығын ешкім бұзбасын деп, жапырақтарды сиқырлап тастапты!

Біз орманға кіру үшін мына сиқырланған жапырақтардың тапсырмаларын орындауымыз керек!

Балалар біз бұған дайынбызба?

- Балалар мұқият тыңдандаршы, мына орманда құстардың әндері естілмейді неге?

- Біз қандай жылы жаққа ұшып кететін құстарды білеміз: Қарлығаш, ұзақ, қараторғай, бұлбұл

Суреттерін ілу, түр сипатын айту, неліктен бұл құстар ұшып кетеді?

Балалар тағы қыстап қалатын құстап бар, қазір біз оларды тауып көрейік:

Секектеп бір тұрмайды;

Өреден құрт ұрлайды. *(Сауысқан)*

Қара түсті қарқылдақ,

Ұшып-қонып жалпылдап.

Қоқыстарды шоқиды,

Жем іздейді там-тұмдап. *(Қарға)*

Ойын: Мозайка құрастыру.

құстың мозайкасын таратып береді. Қай топта қандай құс шықты.

Сергіту сәті

Қарлығаш болып ұшайық

Бір отырып тұрайық

Ұшып ұшып алған соң орнымызға қонайық.

балалар мына орманға қараңдаршы, мынау шығып тұрған ненің бастары мен құлақтары?

Қазір бұлардың нелер екенін анықтайық.

Түлкі: Түлкі балалар қандай жануар?

- Түсі қандай?

- Жүні қандай?

- Ол немен қоректенеді?

Түлкінің суретін жапсыру

Қоян: Қоян қандай жануар?

Оның түсі қандай?

Ол немен қоректенеді?

Қоянның суретін жапсыру

Қасқыр: Қасқыр қандай жануар?

Түсі қандай?

Ол немен қоректенеді?

Қасқырдың суретін іледі.

Аю: аю қандай жануар

Түсі қандай?

Ол немен қоректенеді?

Аюдың суретін ілу.

Тапсырма: Азығын тап

Шарты: Топтарға карточкалар таратылып береді. Жануарлардың азықтарын табады.

Жарайсыңдар балалар!

Үйеңкі, алдарыңда үйеңкі жапырақтары болса мына ағашқа жапсырыңдар.

Қылқан жапырақты біздің бірақ ағаш түрі бар ол не?

Шырша! Шыршаның жапырағын жапсыру.

Балалар дүниеде жалғыз осы жапырақтың ағашы аппақ, әдімі?

Қайың! Қайың суретін жарсыру

Бұл жапырақ, әлемдегі ең алып ағаштардың бірі.

Емен. Еменнің суретін жапсыру.

Балалар міне біз орманның сиқырын алдық! Орман бізге өте риза, оның бізге берген өз сиы бар екен.

Жаңғақтарды көрсету. біз бұл жаңғақтармен еңбек сабағында әр түрлі жұмыстар жасаймыз. Ал қазір біз қайта топқа оралайық.

Топқа оралдық;- Балалар біз қайда бардық?-Не істедік?-Саяхат ұнадыма?

Күз мезгілі.Қазан айы.Қыркүйек, қазан, қараша

Күн суытады, жапырақтар түседі, күн қысқарады, түн ұзарады.

Күтілетін нәтиже: Қыстап қалатын құстар, жабайы жануарлар жайлы түсініктері кеңейді

Нені біледі: Жылы жаққа ұшып кететін құстар түрлерін, ағаш түрлерін біледі.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\Ж «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: «Түймедақтар әлемі»

Мақсаты: балаларды көктемгі көрінісін бейнелей білуге үйрету.

Табиғат тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Қоршаған адамдарға қуаныш сыйлай білуге, қамқор болуға үйрету.

Тәрбиеші балаларға гүлді ұсынып, осы гүлді бір - біріне сыйлап, жылы сөздерін айту, тілек айту арқылы ұсынады. Гүл шоқтары бірте - бірте көбейіп тәрбиешінің өзіне бір құшақ гүл - тілек шоғы болып оралады - өзгелерге денсаулық тілеп, жақсылық жасасаң, ол өзіңе қайтып оралады деп балаларға түсіндіріп айтылады.

Балалар бір – біріне гүл беріп жылы сөздер айтады.

Тәрбиеші:

Көктемде, көктемде

Күн нұрын төккенде

Көк шыбық былтырғы

Көгерді құлпырды.

- Қай жыл мезгіліне арналған өлең?

- Көктем мезгіліне.

- Өте дұрыс балалар, Қане көзімізді жұмып көктем мезгілін көз алдымызға суреттеп елестетейік.

- Жып - жылы жел соғып тұр. Қар еріп, суға айналып, су топыраққа сіңіп, топырақ жұмсарып, жер бетін жасыл шөп басты. Қылтиып бәйшешек те шыға бастады. Балалар құстарға ұя жасап, ағаштардың бұтағына ілуде.

Қайтып келген құстар сайрауда. Мал – жан күннің көзіне шығып шуақтануда.

– Енді көзімізді ашамыз - Сонымен бұл қай жыл мезгілі?

- Көктем мезгілі.

- Балалар, мына жерде нені көріп тұрсындар?

- Гүлдерді, өсімдіктерді көріп тұрмыз.

- Бәріміз гүлдерді жақсы көреміз бе?

- Ия, жақсы көреміз.

- Балалар, біз балабақшаға келгенде таңертең гүлдерді суарамыз, жапырағының шаңын сүртеміз, ал, кешкісін үйге қайтатын уақытта гүлдерге ауа жұту үшін топырағын қопсытамыз. Өйткені олар тірі табиғатқа жатады.

- Гүлдермен тағы не істеуге болады?

- Гүлдермен сырласуға болады.

- Гүлдер адамдарға не сыйлайды?

- Қуаныш сыйлайды.

Осы кезде есік қағылады. Қонаққа қуыршақ келеді.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\Ж «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: «Өзен бойымен саяхаттаймыз».

Мақсаты: Қоршаған ортаны қорғау, суды ластамауға, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші балалармен «Саяхатшы» атты қимылды жаттығуды ұйымдастырады. Қане кімнің бойы ұзын Парвозы ол біздің Қатар-қатар тұрайық Поровозды құрайық. Поровоздв құрайық. Дыбыстық жаттығуды қолданады : Табиғат дегеніміз не Суретпен жұмыс. Қазақстан картасымен жұмыс:

Біздің бас қаламыз қандай қала? -Ал біз қандай қалада тұрамыз? Осы өзіміз тұратын сүйікті қаламыз жайлы әңгімелесейік. Қандай өсімдік түрлерін білесіңдер? Сұрақ-жауап: Табиғат дегенді қалай түсінесіңдер?(балалар өз түсініктерін, пікірлерін ортаға салады.) Табиғаттың қасиеті ерекше. Біз табиғатта дем алып жұпар ауаны жұтамыз, мөлдір бұлақтан су ішіп, шөлімізді қандырамыз. Табиғаттың бізге берері көп. Ендеше табиғатты аялайық, қорғайық. Табиғат заттар екі түрге бөлінеді: тірі және өлі табиғат. Тірі табиғатқа- адамдар, ағаштар, құстар, аңдар жатады. Өлі табиғатқа- тау, тас, су, құм, мұз, топырақ жатады.

Дидактикалық ойын: «Не неден жасалған?» **Мақсаты:** Заттарды ажырата білу.

Сергіту сәті: Саусақтарын әйбат,

Былай-былай ойнат.

Топ-топ басайық Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса алтын күн

Жаса, жаса жарқын күн

Біз, осы өмір сүретін әлемдегі барлық адамдар қайда тіршілік етеді? Біздің ұлан-ғайыр, кең байтақ жеріміз бәріміздің ортақ, үлкен үйіміз екен. -Ал, осы жерден басқа бізге не ортақ?

Күтілетін нәтиже:

Сұрақ-жауап, балаларды мадақтау, сабақты қортындылау.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Қара торғайдың ұясы.

Мақсаты: Құстарды аялау және құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Балаларды құс түрлерімен таныстыру. Геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. Геометриялық пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш) «Қараторғайдың ұясын» құрастыруды үйрету.

Балалар ,біреу терезені тықыл-датқан сияқты.-Терезені ашқанда , екі қарторғай ұшып кіреді.(қараторғай мультфильмінен үзінді көрсе-тіп,дыбыс жазылған)

Қараторғайлар:

-Сәлеметсіздер ме, балалар !Сендерді көргеніме қуаныштымын.Қазір күн суытып келеді, менің балапандарым көбейіп, ұясына сыймай жатыр,сендер маған ұя жасап беруге көмек-тесесіндер ме,сендерден көмек күтемін.

Әңгімелесу

- Құстарымыз қайда ұшып кетеді?

-Жарайсыңдар балалар! Қараторғайымыз суық жаққа ұшып кетпес үшін , біз бүгін қараторғайға ұя жасап берейік.

Торғай,торғай, торғайсың

Таяу келіп, қонғайсың

Жем шашайын келе гой

Енді суыққа тоңбайсың.

Қараторғайлар: .Біз сендер көрсін деп достарымыздың суреттерін алып келдік.

Көрнекілікпен жұмыс: «Құстар»

Балалар құстардың түрлерімен танысайық:қараторғайлар, торғай, қарға көгершін,қарлығаш.

Олай болса ,балалар қараторғайларға ұя жасап берсек қайтеді?

Қайшымен,желіммен жұмыс істеу қауіпсіздігі туралы айту.

-Мынау қараторғайдың үйі.

Ортасындағы дөңгелек - ұяға кіретін есігі болады, ұяның үстінде шатыры бар.Балаларға геометрия-лық пішіндерді көрсетіп, таныстыру.

Сергіту сәті:

Құс ұясын жасадым,

Талға апарып байладым,

Жыл құсының шаттанған

Күттім қашан сайрауын.

Сол ұяны талғады.

Қараторғай мекендеп.

Күні бойы сайрады,
Жайлы пәтер екен деп.

Жұмыс барысы. Қараторғайдың ұясын жапсыру жолдары:

Кеңістікті бағдарлап, көз мөл шермен белгілеу. Жоғарыдан төмен және оңнан солға қарай пішіндерді желімдеп орналастыру, Ортасына дөңгелек пішінді жапсырамыз, Бұл ұяға кіретін есік болады. Үстіне үшбұрыш пішінін жапсырамыз. Бұл ұяға кіретін есік болады.

Үстіне үшбұрыш пішінін жапсырамыз. Бұл қараторғайдың ұясының шатыры болады.

-міне қараторғайдың ұясы дайын болды. -(балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.)

-Қараторғайлар қуанып, әрі-бері ұшады, балалардың жасаған ұясына рақметін айтады.

-Мұнда балапандарға да орын бар.

-Бізге қамқорлық жасағандарың үшін сендерге көп рақмет

Дидактиклық ойын: «Құстар қалай дыбыстайды?»

Қарға қарқылдайды? Торғай шырылдайды. Көгершіш гуілдейді. Қарлығаш шықылықтайды.

Күтілетін нәтиже Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балалар сендерге рақмет, бізге жасап берген ұяларыңды хатпен салып жіберіңдер! Балалар , жасаған ұямызды қараторғайларға сыйлаймыз ба?

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: "Әдемі гүлдер"

Мақсаты: Көктем туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің атымен таныстыру.

табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу.

Су сылдырап, құстар сайрап, бақтың ішінен Гүл ашылады. Салеметсіңдер ме, балалар. Сендер бүгін әдемі болып кетіпсіңдер Мен Көктем – Ана жіберген алғашқы гүлмін. Сонымен қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем мезгілі.

- Балалар, көктем мезгілінде болатын қандай өзгерістерді білесіңдер?

- Күн жылынады, ағаштар бүршік жарады, жер көгереді, шөптер шығады.

- Балалар, мен сендердің қолдарыңнан әлі бүрі ашылмаған гүлдерді көріп тұрмын. Енді сендер гүлдеріңді, менің қолымдағы керемет құмыраға салып, достарыңа деген жылы тілектеріңді айтсаңдар, бұл гүлдер құлпырып кетеді.

Өйткені бұл сиқырлы құмыра. Сендер жақсы тілек білесіңдер ме?

- Иә, білеміз.

- Қане, тілектеріңді айтып, гүлді құмыраға сала қойыңдар.

Ислам: Апай, менің қолымда гүл жоқ, мен мына өсіп тұрған гүлді жұлып алайын ба?

Тәрбиеші:-Ислам, гүлді жұлуға болмайды ғой, гүл деген әдемі, оны күтіп-баптау керек, су құйып өсіру керек. Мен саған басқа гүл берейін.

Ислам гүлді алып, тілегін айтып құмыраға гүлді салады:

- Мамамыз аман болсын!

Сонан кейін, басқа балалар да тілектерін айтып, гүлді құмыраға салады.

Деніміз сау болсын!

Аспанымыз ашық болсын!

- Әрқашан күн сөнбесін!

- Ойыншығымыз көп болсын!

- Көңілді бала болайық!

- Бәріміз дос болайық!

- Папамызды жақсы көреміз!

- Апайдың айтқанын тыңдаймыз!

- Тәртіпті бала болайық!

Бақытты баламыз!

Сиқырлы құмыра айналып, әсем гүлдер көрінеді.

Тәрбиеші: Балалар, көрдіндер ме, қандай әдемі гүлдер. Мен бұл гүлдерді достарыма сыйлағым келіп тұр. Сендер де достарыңа сыйлық жасағыларың келе ме?

Балалар: Иә, жасағымыз келеді.

Тәрбиеші: Қандай сыйлық жасағыларың келеді?

Балалар: Апай, біз де гүл сыйлайықшы.

Тәрбиеші: Ендеше, ол гүлдерді өз қолдарыңмен жасаңдар. Орындарыңа отырып,

маған қарай қойыңдар, мен гүлдің қалай жасалатынын көрсетейін.

Балалар өз орындарына отырады.- Балалар, гүлдердің түсі, көлемі, әр түрлі болады. Қараңдаршы, мына гүлдің түсі қандай?

- Түсі сары.

- Ал мына гүлдің түсі қандай?

- Түсі ақ.

- Бұл гүлдердің жапырақтарының түсі қандай?

- Түсі жасыл.

- Осы гүлдердің көлемдері бірдей ме?

- Жоқ ақ түсті гүл үлкен, ал сары түсті гүл кішкентай

- Дұрыс айтасыңдар. Бүгін біздің достарымызға сыйлайтын гүліміздің аты Жауқазын деп аталады. Қане қайталайықшы.

- Жауқазын гүлі
- Жауқазын гүлінің түсі қандай?
- Түсі қызыл.
- Балалар мынау гүлдің сабағы, қайталап айтайықшы.

Гүлдер сабағынан өсіп шығады екен. Алдымен қағаздың ортасынан, төменнен жоғарыға қарай гүлдің сабағын қоямыз. Гүлдің сабағы ұзын жіңішке болады. Содан кейін сабағынан жапырақ өсіп шығады. Енді жапырағын қоямыз. Жапырақтың пішіні сопақша болады. Сабағының жоғарғы жағынан гүл өсіп шығады. Міне біздің Жауқазын гүліміз дайын болды. Балалар, біз ең жақын достарымызға сыйлық жасайтын болғандықтан, біздің жұмыс жасайтын қағазымыз да әдемі. Гүлді қағаз бетіне қойып болған соң, екінші бетін жайлап қана үстіне жабамыз да, алақанымызбен сипап жібереміз.

Сергіту: Балалар, бір сәт біз де гүл болып жайқалып тербелейікші.

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер

Қызыл гүлдер, көк гүлдер.

Өсе берші нұрланып,

Өсе берші ырғалып

Тәрбиеші: Балалар, сендер гүлдерді өте жақсы жасадыңдар, түстерді де ажырата біледі екенсіңдер. Димаш, сен гүліңді кімге сыйлағың келеді? Димаш: Мен анама сыйлағым келеді. Балалар өз достарына гүлдерін сыйлап, рахмет айтып, ризашылығын білдіреді.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Күннің көзі және біз.

Мақсаты: балаларға күннің көзінің бізге қандай пайдасы бар екенін үйрету, қоршаған ортаны ластамауға тәрбиелеу.

Тәрбиеші балаларға бүгінгі күннің қандай тамаша екені, күн нұрын аямай төгіп тұрғаны, күн барлығына қуаныш сыйлайтынын жапырақтар жайқалып, құстар сайрап, жан-жануар атаулы тіршілік қамына кірісіп, балалар көтеріңкі көңіл күйде болатыны жайлы әңгімелейді. Осының бари күн сәулесі жарқырап тұрғаның әсері екенін түсіндіреді

Тәрбиеші балаларға жұмбақты шешуді ұсынады:

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен жібек шашылды?

Ол не, балалар?

-Ендеше бәріміз жарқыраған күн сәулесін бейнелеп, ойыншықтарымызға сыйлайық. Жұмыс бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Ал, балалар, тұрамыз,

Айналаны шоламыз.

Күн нұрындай жарқырап,

Жер бетіне қонамыз.

-Күн көзінде көп жүруге болмайды. Денсаулыққа зияны бар.

-Күннің нұры пайдалы болса, оған қоса зиянды да болады.

-Бөлмеге түскен күннің көзі микробтарды және бактерияларды өлтіреді.

-Күннің көзінде көп жүрген адамның басы айналып, мұрынынан қан ағуы мүмкін. Сондықтан жазда адамдар далаға шыққанда бас киім киіп шығуы керек.

Алдымен маған алақандарыңды жазып, ашып көрсетіндерші, бір-бірімізге алақандарымызды тигізіп, күн жасап ойнайық.

Балаларға мынадай өтініш айтады. - Ол сендерге риза болып, рақмет айтып тұр, сендер де күн сияқты күлімдеп, өздеріңнің көңіл күйлеріңді көрсетіңдер.

Көңілділік әр баланың өзінен басталса қандай жақсы. Жұмыс соңынан қолдарын сулы шүберекпен сүртіп, тазалауын қадағалайды.

Қиналған балаларға жеке бағыт-бағдар беріледі. Алақандарына жағылған бояудың қағазға толық тиюіне көңіл бөледі. Тәрбиеші ойыншықтардың атынан балаларға «рақмет» айтады. Енді бөлмеде үнемі көңілді болады деп ескертеді.

Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:

-Күннің пайдасы қандай?

-Күн көзінде неге көп жүруге болмайды?

Балаларды мадақтап қорытындылайды.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: ВҚ «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Су – тіршілік көзі.

Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау. Қазіргі кезде адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат-ананы қорғап, аялауға үйрету. Суды ластамауға тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері:

Самал жел бізді желдетші,

Күн нұры бізді жарқырат.

Таза ауа дем берші,

Мөлдір су бізді салқындат.

- Тамаша!!

Ал, балалар қазыр жылдың қай мезгілі?

- Күзде неше ай бар?

- Қандай үш ай?

- Қазір қандай ай?

Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

- Керемет. Балалар.

Ал енді балалар барлығымыз жайғасып отырайық, арқамызды тік ұстап, әдемі отырамыз. Бүгінгі оқу қызметінің тақырыбын айтпас бұрын, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, ал сендер мұқият тыңдаңдар:

Дәмі де жоқ, түсі жоқ

Пайдаланбас кісі жоқ. Ол не?

Дұрыс балалар, әрине су. Ал ендеше бүгінгі Судың дыбысын тыңдау.

- Балалар сендер қандай дыбыс естіп тұрсыңдар? Су бізге не үшін қажет?

- Қалай ойлайсыңдар, мұз, қарды жылы жерге әкелсек не болады?

- Әрине ериді, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде сендермен тәжірбелер жасаймыз.

Ендеше соны дәлелдеу үшін 1-тәжірбеміз: ыдыстағы қар мен мұзды оқу іс-әрекетінің сонығна дейін үстелдің үстіне қоямыз.

Тәжірбелер.

I. Ал судың иісі бар ма, иіскеп көріңдерші?

Судың иісі жоқ

(Балалар суды иіскеп көреді, судың иісінің жоқ екенін сезінгенше, тағы да қайталап иіскету керек. Ал екінші ыдыста түссіз тәтті суға ванилин араластырған суды құйып, балаларға иіскету керек. Балалар екі ыдыстағы судың айырмашылықтарын айтады).

II. Судың пішіні бар ма?

«Суда пішіні жоқ»

Біз қазір судың пішіні бар ма, жоқ па соны тексереміз. (тәрелкеге су құю)

Әрине жоқ, суды қай ыдысқа құйсаң ол сондай пішінді болады

.III. Судың дәмі бар ма?

«Суда дәм жоқ»

Осыны да біз тексерейік, алдарында ыдысқа су құйылған. Сол суды түтікше арқылы ішіп көріңдер.

Енді осы суға кейбіреулерің қант қосып көріңдер, ал басқаларың тұз қосып көріңдер. Суды ішіп көріңдер дәмі қандай болды екен?

Дұрыс суға біз не қоссақ, сол заттың дәмін сеземіз, ал судың дәмі жоқ екен

.IV. Судың түсі бар ма?

«Су — мөлдір»

Егер де бояу қосып жіберсек, оның түсі өзгереді. Оны да тәжірибе арқылы дәлелдейік. Стакандағы суға гуашь бояуларын қосайық. Сонымен қатар суды мен сүтті салыстырып көрейік, су бар стақанға қасық салайық,

қасық көрінеді ме? Иә көрінеді, ал

сүт құйылған стақанға қасық салсақ ол көрінеді ме? Жоқ көрінбейді,

сондықтан судың түсі жоқ, ол – мөлдір екен.

Балаларсонымен су – түссіз, дәмсіз, иіссіз, тұрақтыпішініжоқ табиғи ресурс.

Осыны дәлелдеу үшін біз сумен тәжірибе жасап көрдік.

Білесіндер ме судың үш қасиеті бар – сұйық, қатты, бу.

Стақандағы суды тоңазытқышқа қойсақ, олмұз болып қатып қалады. Ал мұзды жылы жерге қойсақ, ол еріп суға айналады. Суды шәйнекке құйып қайнатсақ, қақпағынан бу шығады, яғни бу болып ұшады.

Мен сендердің қолдарына мұз беремін, ұстап көріндерші не болады екен?(балаларға мұз беру, ол ери бастайды.)

Мұзбен не болады? Иә дұрыс айтасындар ол ери бастайды, себебі біздің қолымыз жылы. **Жұмбақтар:**

1. Жылт-жылт еткен, жырадан өткен. (Су)
2. Қыста шыны боп қатады,
Жылыда су боп жатады.. (Мұз).
- 3.Көтеріліп теңізден, аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде, өңі кірер даланың. (жаңбыр)
- 4.Қыста ғана болады,
Ұстасан қолын тоңады. (Қар)
5. Дәміде жоқ, түсі жоқ,

Пайдаланбас кісі жоқ. (Су)

Күтілетін нәтиже: Су-түссіз, бояу қосқанда өзгереді. Су-дәмсіз, бірақ қант қосқанда дәмі өзгереді.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\Ж «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Айға саяхат

Мақсаты: Аспен әлемі туралы түсінік беру. Сөздік қорларын арттыру.

Жылдың қай мезгілі екенін анықтап, балаларды әңгімеге тарту.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Бізге қай мезгіл келіп жетті? Далада не бар? Аспанда не бар? Айға ұшқыларың келе ма? Барлығы қалай аталады?

Мұғалім балаларды кезекпен тақтаға шығарып әр пішінді қолданып, оның атауын, түсін атап зымыранның бөлшектерін құрастыртады Балалар біз не құрастырдық?Енді біз зымыранмен айға ұшамыз.Көздеріңді жұмындар.

Музыка қосып зымыранмен айға ұшады. (Осы уақытта музыка ойнап Ай кіріп)

Сұрақ-жауап. Ай келеді, балалармен амандасып, балаларға сұрақтар қояды.

Сөздік ойыны. Аймен ойын ойнатылады. Ойынның аты **Түрлі-түсті жұлдыздар**». Ойынға төрт баланы шығарады. Жердегі түрлі-түсті жұлдыздарды көрсетеді. Ойын шартын түсіндіреді.

Балалар мыналар нелер?

Көк, ақ, қызыл, жасыл. Барлығы қалай аталады?
Ойын соңында ең көп жұлдыздар жинаған баланы мақтайды.

Ай балалардан көмек сұрайды
Мойыншағын жалғап беруін сұрайды

Дидактикалық ойын:

«*Макарон мойыншақ*» Шарты балалар бір-бірден шағып, түсін айтып, макарондарды жіпке тізеді.

Жіпке тізгеннен кейін бір белгі таңдап алады (ай, күн, жұлдыз)

Сергіту сәті.

Тұр бойыңды тік ұста,

Алдыға иіл тыныста.

Бір қолыңды соз алға,

Ұшбұрыш сыз ауада.

Екінші қол тұрмасын,

Шеңбер жасап зырласын.

Енді қолды түсіріп,

Отырайық орынға.

Ай сізді біздің балалар ұнатып қалды, сізге сыйлық жасағысы келеді! Ол үшін біз келесі бөлмеге өтуіміз керек. Балалар, қолдарымыздағы белгі бойынша топқа бөлініп отырайық.

Құм терапиясы

«Аспан әлемін» құм арқылы жасап беру. (түрлі түсті құмдар қойылып, музыка қосылады)

-Ай: рақмет сендерге балалалар, мына сыйлыққа достарымда қуанып қалатын болды. Енді, мен сендерге рақметім үшін бір ойын рйнатқым келеді. Ойнаймызба?

Логикалық ойын

«*Не жоқ?*» Шарты: аспан әлемдерін қатар-қатар қойып, балалардың назарын аудартады.



Ай балаларды мақтайды, балалармен жақсы тілектер айтып, қоштасады. Мұғалім көздерін жұмдыртады. Музыка ойналып, ай кетеді.

Бағалау

Өздерін *смайликтер* арқылы бағалайды.



Қол ұстасып тұрайық,
Жарты шеңбер құрайық.
Көріскенше күн жақсы,
Сау саламат болайық.

Күтілетін нәтиже : Орындайды: тақырыпқа байланысты сөздерді айта алады.
жаңа сөздерді орынды қолдана білу керектігін.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Жайлауға саяхат

Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атап, байланыстырып сөйлеу.
Төрт–түлік малды атап, төлдерін ажырату, санау. Балаларды үй жануарларын
және олардың төлдерін дұрыс атап, дыбыстарыдың дұрыс айтуын жетілдіру.
Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Балалар жарты шеңбер болып тұрады.

«Қайырлы таң көздерім – сендер оянындар»

«Қайырлы таң құлақтарым – сендер оянындар»

«Қайырлы таң қолдарым – сендер оянындар»

«Қайырлы таң аяқтарым – сендер оянындар»

- Жарайсындар, отыра қойындар.

Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар.

Қар суы еріп, сай-салаға толады,

Жер көгеріп, бүршік атып,

Жайлау малға толады.

Бөбектерім айтындаршы,

Бұл қай кезде болады?

(Көктем)

- Дұрыс айтасындар балалар. Көктем мезгілінің әдемі ерекшелігінің бірі
малдар төлдейді.

Бүгінгі ашық оқу іс–әрекетіміз де осы малдардың төлдеріне арналмақ.

Мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр.

1. Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (қой)

Қойды орысша қалай айтамыз?(Баран).

2. Екі айнасы бар,

Екі найзасы бар,

Төрт жылтырмағы бар,

Бір шыбыртқысы бар. (сиыр)

Ал сиырды ше ? (Корова)

3. Кезікті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар. (түйе)
Түйені ше? (верблюд)
Балалар бүгін біз үй жануарлары және олардың төлдері туралы әңгімелейміз.
Сендер қандай үй жануарларын білесіңдер?

--Сиыр,қой,жылқы,ешкі,түйе

--Дұрыс айтасыңдар,ал енді толық білу үшін бүгін біз Нургул апайдың жайлауына саяхатқа барамыз. Нургул апай өзінің жайлауындағы үй жануарларымен таныстырады.

Тәрбиеші: Айтыңдаршы балалар, жайлауға жұрт қай уақытта шығады?

Балалар: Көктемде шығады.

Балалар жайлау бізге алыс, бірақ біз шыныққан балалармыз ғой, жаяу барсақ қалай болады?

- Әрине, жаяу барайық.

(Жәй әуен ойналады)

-- Ендеше, біріміздің артымызға сапқа тұрып жүреміз, мына жерде тастар жатыр екен, жыланша жүрейік. Балалар саппен жүріп, жыланша, тепе теңдік сақтап жүреді. Ой балалар мына жердегі көлден өту үшін мына хаттардың ішіндегісін құрастыруымыз керек екен.

Ой, балалар, көлге тап болдық. Мынау көпір ғой, тепе–теңдікті сақтай, екі қолды екі жаққа созып жүріп өтейік.

«Жайлау»көрінісі.

Балалар айналаға қарайықшы. Керемет!

Балалар қуанады.

- Не көріп тұрсыңдар?

- Жасыл шөп.

- Гүлдер.

- Жайылып жүрген үй жануарлары, төлдері.

Міне балалар жайлауға да келіп жеттік! Нургул апаймен сәлемдесіңдер!

Нургул апай, біздің балалар үй жануарларымен танысуға келді Нургул апаймен амандасып, оларға үй жануарларын таныстыра бастады.

- Мынау - сиыр, қасында тұрған - бұзауы. Ал мынау – жылқы, қасындағы – құлыны. Мынау – ешкі, қой, сиыр, жылқы. Сиыр бізге өзінің сүтін, айраның, құртын, етін береді. Біз оны жейміз, ішеміз.

Қарандаршы балалар менің үй жануарларым қандай көп мен соларды санай алмай басым қатуда маған көмектесесіңдерме?

Балалр апайға үй жануарларын санауға көмектесемізбе?

1-дегенім баспақ

Бұзауды жүр тастап

2-дегенім ешкі

Ешкі қойдан есті.

3-дегенім үйрек

Жеммен қолға үйрет.

-- Ой балалар сендерге үлкен рахмет!

Балалар ойын ойнағыларын келеме? «Үй жануарлары қалай дыбыстайды»
-- Ал балалар, Нүргүл апайға алғысымыз ретінде тақпақтарымызды айтып берейік.

Мансұр: Қой

Еті тәтті, сүті бал

Қой, ешкі ең құнды мал.

Ершат: Құлын

Ерге қанат тұлпар мен

Қай түлік келер маған тең?!

Сүтім-қымыз, етім-ем,

Білесің бе оны сен?

Сиыр: Іңкәр

Мінезім жайлы сиырмын.

Байлығымын бір үйдің,

Етім дәмді, сүтім бал,

Сырымды менің ұғып ал.

Түйе: Ердәулет

Ең зор түлік – түйемін,

Тікенді шөпті сүйемін.

Пайдалансаң сүтім шұбат,

Дертке дауа, бойға қуат.

Апай: Ой балалар қандай өнерлісіңдер жарайсындар.

Тәрбиеші: Балалар біз Нургул апайға алғысымызды айтып қоштасайық кедергілерден өтіп оз орнымызға жайғасайық.

Сергіту сәті:

Бала, бала балақан,

Кәне қайсың алақан

Саусақтарың әйбәт,

Былай-былай ойнат.

- Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Не ұнады? Біз бүгін көп нәрсені біліп көрсете білдік. Яғни төрт түлік малдардың қалай дауыстайтынын, олардың төлдерін, пайдасын біліп үйрендік.

Дидактикалық ойын:

«Қай жануардың көлеңкесі қай жерде орналасқан ».

(балаларды столға отырғызып алдарына қағаздарды таратып беру)

Ойыншық қошақан қонаққа келеді, ол бір өзіне көңілсіз болып жүргенін айтып балалардан: «Сендер басқа қошақандарды көрдіңдерме ме?»-деп сұрайды. Біз қошақанға басқа қошақандарды тауып беруге көмектесейік, ол үшін біз оларды өзіміз жасап көрейік деп, үлгі суретті көрсетеді. Қағаздар таратылады, оны қарап көру ұсынылады, не жетіспейді;

Оның жасалу жолдарын түсіндіреді:

Оның жасалу жолдарын түсіндіреді:

- қошақанның бұйра жүндерін жасау қажетігі келісіледі;

- ол үшін қағаздарды алып қарындашқа орап, ширатып алады, оны қошақанның суретіндегі орынға желімдейді;

- осылайша қошақанның барлық бұйра жүндерін жасайды.

- Қошақан балаларға ризашылығын білдіріп, рахметін айтады.

Балалар жұмысты бастамас бұрын қауіпсіздік ережелерін есімізге түсіріп ұқыпты болайық, Желімді ауызға, стол үстіне жақпаймыз. Нүргүл апайдың жайлауындағы қошақанды қағазға жапсырып болдық па?

Балалар жапсырған қошақанды қолдарына ұстап тұрып әнді орындайды.

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: ВҚ «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: «Аспан әлеміне саяхат»

Мақсаты: Аспан әлемі туралы түсінік беру, балалардың сандар, геометриялық пішіндер туралы білімдерін беркіту, үлкен-кіші ұғымдарын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты,

Жарқырайды қаламыз

Жайнай түссін даламыз

Қайырлы таң қонақтар,

Қайырлы күн достарым! Балалар біз бүгін қызықты саяхатқа шығамыз.

Айтыңдаршы біз қайда өмір сүреміз?

Біз нені басып жүрміз?

Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар?

Дұрыс, балалар, жарайсыңдар.

Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?

/ балаларға түнгі аспан фотосуреттерін экран арқылы көрсету/ Сендерге ұнай ма? Маған да ұнайды. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсыңдар жұлдыз деген не? Олар неменеге ұқсайды? Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсыңдар! Ал енді солардың арасында ең үлкен жұлдыз бар, ол қалай аталады? Күн ол үлкен, жарқырап тұрған, ыстық шар. Ал ғарышта біз қандай заттарды кездестіруіміз мүмкін? Спутниктер , кометалар, астероидтар мен метеориттер **(суреттер көрсетіледі)**.

Ал ғарышқа кімдер ұшады?Дұрыс, ғарышкерлер.

Ең бірінші болып ғарышқа зерттеуге ұшқан ресейлік ғарышкер екен. Ол Ю. Гагарин Ал әйел адамдардан В. Терешкова, кейін Қазақстаннан да ғарышкерлер ұшты. Олар: Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев.Балалар біздер бүгін «ғарыш әлеміне саяхатқа» шығамыз, яғни ғарышкерлер боламыз.

- Ғарышқа бару үшін бізге не керек?Зымыран бейнесі бейнелген макетке балаларды шақырады.

- Балалар, кәне, тексерейікші сендер ғарышқа ұшуға дайынсыңдар ма? Жарайсыңдар балалар, енді біз қазір шынығып алайық.

- Орнымызда тұрамыз, қолдарымызды созамыз. Мен санаған кезде алдымен оң жаққа қарай бұрылып, айналамыз, сосын сол жаққа қарай. Жарайсыңдар! Ал енді біз қазір сендермен ғарышқа ұшамыз. Ол үшін біз ғарышкерлер киетін киім киіп алуымыз керек: комбинизон, қолғап, ал басымызға скафандр. Скафандрды не үшін киеміз? Дұрыс демалу үшін, тоңбау үшін, қауіпсіздікті сақтау үшін. Ал енді әркім өз орнында орналасыңдар, белбеуімізді тағамыз. Дайынбыз ба? **(монитордан зымыранның ұшуға дайындалып, ұшқан көрінісі көрсетіледі)** Ұшар кезде біз дұрыс дем алуымыз керек. Ол үшін қолымызды ішімізге қоямыз, ауаны мұрынмызбен жұтып, ауызымыздан шығарамыз. Ал енді ұшамыз.**(теледидардан зымыранның ұшуға дайындалып, ұшқан көрінісі көрсетіледі)**

Ал міне керекті жерімізге де жеттік.Аспан әлеміне сәйкестендіріп **(жоғарыға аспан әлеміндегі платентта суреттерін ілу)** тақырлық сай әзірлеу.

Жұмбақ:

Бір зат бар дүниеде құшағы кең
Ұшқан құс, жүрген аң бәріне тең
Адамзат, жан - жануар арасында
Мәңгілік өсіп - өніп өмір сүрген. (Жер)

Ғарышқа да келдік.Міне балалар,күннің айналысында эллипс тәрізді орбиталар бойымен айналатын аспан денелері.Бірақ ғарышта күннің айналасында қаншама планеталар айналууда. « Күн жүйесі» деп аталатын сегіз планетаның күннен алшақтығы реті мынадай: Меркурий, Шолпан , Жер, Марс, Юпитер, Сатурн,Уран, Нептун.

Күнге жақын орналасқан Меркурий, Шолпан , Жер «**ішкі планеталарға**» жатады,ал Марс, Юпитер, Сатурн,Уран, Нептун олар «**сыртқы планеталарға**» жатады. Біздің алдымызда аспан әлемі және ғаламшарлар. Оларға жеке тоқталып таныстыру.

/Слайд көрсету арқылы/

Меркурий Күнге ең жақын планета - **Меркурий** (қазақша аты - *Болпан* немесе *Кіші Шолпан*). Сондықтан да оны бақылау қиын. Әйтсе де, соңғы радио- бақылаулардың мәліметтері бойынша, Меркурийдің өте баяу айналатыны анықталды .

Ғаламшарлардың біздерге даярлаған құпия тапсырмалары бар.

Балалар мына планеталарда тапсырмалар берілген екен,

1-тапсырма: жасырылған тапсырманы алайын, Меркурий сөзін буынға бөлейікші, одан кейінгі планеталарды буынға бөлу.

(барлық балалар бірге орындарында отырып орындайды)

2-тапсырма: (логикалық есептер

/ ауызша тапсырма/)

1-; автотұрақта 8 дөңгелек көрініп тұр. Автотұрақта неше машина тұр деп ойлайсыңдар?**2-** ; қолғапта неше саусақ бар ?**3-** ; бір аптрадан не күн бар ?

3-тапсырма: Ғарышкерлер туралы қандай тақпақ білесіңдер?

4-тапсырма:

Қауіпсіздік ережелерін есімізге түсірейік. (қайшымен)

5-тапсырма:

Балалар мында Дискілер берілген соған әдемі етіп моншақтарды,жұлдызшаларды желімдеп жапсырып әсемдейміз.

(барлық балалар орындарында отырып орындайды)

6-тапсырма: конвертте берілген суреттегі затты атап, оны әріптермен жазып көрсет.

(3-4 бала тақтаға келіп орындайды.)

Сергіту сәті.

Музыка әуенімен (теледидардаға робатпен бірге қимылдар жасау)

Бізге ғаламшарда өте ұнады, бірақ, Жерге қайтатын уақыт та болды.

Олай болса зымыранға отырайық.

Міне, біз Жерге оралдық. Сіздерге ғарыш әлемі ұнады ма?

Біз сяхатымызды қорытындылайық. (барлық балаларға естелік сыйлықтар марапатталады). Жарайсыңдар балалар! Сұрақтар қою.

Күтілетін нәтиже:Ғарпышкерлер қайда ұшады екен?Аспан әлемінде нелер бар екен ?неше планета бар ?

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: «Ағаш және оның қасиеті»

Мақсаты: Балаларды ағаштың қасиетімен таныстыру. Жасалған істен шешім шығара білуге үйрету. Айналадағы заттарға ұқыптылықпен қарауғатәрбиелеу

Шаттық шеңбері :

Арқалап ап,ырыс құт

Келеді әне Күн шығып

Қайырлы таң тыныштық!

Қайырлы таң тіршілік !

Қайырлы таң достарым!

Балалар, бүгін азанда топқа кірсем үстел үстінен хат көрдім . Ол хат Сендерге жолданыпты.Бірақ кімнен екенін біле алмай тұрмын

Тәрбиеші хатты оқып шығады.Хаттың кімнен келгенін білдіңдер ме?

(Буратинодан)Әрине, Буратинодан

Балалар неге Буратиноны ағаштың қасиеті қызықтырып отыр екен?

Өйткені Буратино ағаштан жасалған.

Ендеше Буратиноның хат арқылы жіберген ойынын ойнайық.

Дидактикалық ойын: «Ағаштан жасалған затты ата»

Үйлеріңде ағаштан жасалған қандай заттар бар?

-Ағаш заттарды неден жасайды?

Жарайсыңдар!

Буратиноға тақпақ айтып береміз бе?

-Ия

Шерхан:

Шебер ұста боламыз

Балтамен ағаш шабамыз

Сүргімен оны жонамыз

Киіз үйлер құрамыз

Айсана:

Көше бойы аралас

Қаптап өскен қара ағаш.

Жемісі жоқ болса да ,

Саясы көп дара ағаш .

Сергіту сәті: «Тербеледі ағаштар»

Балалар ағаштың қандай сиқырлы қасиеттері бар екенін білгілерің келе ме?-

Ия-Ендеше біз қазір зертханаға барамыз. Зертханада тәжірибелер жасаймыз.

Тәрбиеші зертханада ұқыпты болуды тапсырады,ескертеді.

Тәжірибе 1 «Батады-батпайды»

-Балалар сендер қалай ойлайсыңдар,ағаш суда батады ма,батпайды ма?

-Ендеше сендермен тәжірибе жасап көрейік

Қолдарыңа тасты алыңдар суға салыңдар

-Не байқадыңдар? (тас батып кетті)

-Енді қолдарыңа ағаш кесегін алыңдар суға салыңдар

Ағаш жайында не айтуға болады?

Ол батты ма ,батпады ма?

(тәжірибе жасап,балалар шешім шығарады:ағаш жеңіл,су бетінде қалқып жүреді).

-Ия балалар ағаш суда батпайды екен.

Осы ағаштың қасиетін адамдар қайда пайдаланады?

(Адамдар ағаштан қайық,кеме жасайды)

-Сендер қалай ойлайсыңдар Буратино суда батып кете ме?

Тәжірибе 2: «Сынады,сынбайды»

-Қолымызға шегені аламыз,оны сындырып көрейік (сынбайды)

Демек,ол қандай? (қатты)

-Ендеше сіріңкені алып,көрейік. Не айтуға болады? (Сіріңке – сынғыш келеді, демек ағашты сындыруға болады)

Тәжірибеден шығаратын шешім: ағаш және ағаштан жасалған заттар сынады,демек оларға ұқыпты қарап,сындырмау керек (кетеміз)!

Ағаш темірден иілгіштеу,өңдеуге тез келеді .

Сондықтанадамдар ағаштан көп заттар жасауды ойлап тапқан.

Ағаштан жонып,кесіп,аралап көп заттар жасауға болады.

-Ағаштан қандай ойыншықтарды білесіңдер? (Балалардың жауабы)

Тәжірибе 3

Қанекей судан ағаш кесегін алайық.Қараңдаршы не болған? Ол қарайып, ісініп кетіпті.

Шешім:ағаш суды бойына сіңіреді,осыдан ол ісініп өз қасиетін жоғалтады.

-Ағаштан жасалған заттар бұзылмау үшін не істейміз? (бояймыз)

-Мінекей сондықтан ойын алаңындағы ойын құралдарын бояп,сырлаймыз.

Қоштасу шеңбері:

Бізге хат кімнен келді?Тәжірибе кезінде ағаштың қасиеті жайында нені білдік?Ағаш жеңіл,суда қалқып жүзеді,ағаш сынады. Ұқыпты болу керек бояп, сырламаса өз қасиетін жояды

Балдай тәтті баламыз,

Айтқан тілді аламыз.

Ойынменен өседі,

Ойымызбен санамыз.

Қол ұстассақ бәріміз,

Жарасады сәніміз.

Көріскенше күн жақсы,

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\Ж «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы:»Табиғат біздің досымыз

Мақсаты: Балаларға табиғат , тіршілік қоршаған орта арасында байланысы жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағұлымат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға қадірлей білуге үйрету.

Сәлеметсіздерме балалар, мен сендерді көргеніме қуаныштымын, бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіріп таңғы шаттық шеңберімізді бастайық.

Шаттық шеңбер

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?неше ай бар? қалай аталады?

-Қыс, 3 ай , Желтоқсан қаңтар ақпан,

-Балалар қазір қыстың нешінші айы? қалай аталады ?

— 2айы , қаңтар айы.

— Балалар еске түсірейікші қыстың бірінші ай желтоқсан қандай мерекелер өтті?

1- желтоқсан Тұңғыш Президент күні

16-желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі, 26 жыл толды

31- желтоқсан жаңа жыл мерекесі

Балалармен сұрақ -жауап?

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаймыз?

Жұмбақ

Бір жерде ыстық

бір жерде суық

бір күн

бір жерде тун

керемет неткен алып ол не ?(жершары)

Экран қараймыз(сурет жер шарынын) көрсету, пішіні қандай ?

— Дөңгелек

Мынау глобус біз кішірейтіп берілген жершарының сұлбасы .Біздің тұратын мекеніміз жер деп аталады, жер шар тәріздес егер біз ғарышкер болып ғарышқа ұшатын болсақ ғарыштан жер шар тәріздес болып көрінеді. бізден басқа жер шарында жан- жануарлар, аң- құстар, жәндіктер- өсімдіктер , тіршілік етеді және тау тастар, өзен көлдер осы бәрі табиғатқа жатады. Табиғат ана жер жүзін жылуын, мейірімін сыйлап тұр, сондықтан ешқашанда табиғатқа жамандық жасама, жақсылықты қана ойла , сонда саған барлығы жақсылық жасауға ұмтылады.

Балалар барлықтарымыз экранға қараймыз

Слайд; Табиғат

-балалар бейне таспада не көрдіңдер?

Балалар;Аспан, жер , тау тас , көбелек, құс, күн , гүл, ағаштар су т/б

-Иә , балалар, табиғатбізді қоршаған орта, күнің көзінен жылынамыз, күн біздің өмірімізге керек,өсімдіктер күнің көзінен өседі, суды ішеміз, су балықтар үшін қажет,балық сусыз өмір сүре алмайды,жерді басып жүреміз, жерде ағаштар,өсімдіктер, гүлдер өседі,жануарлар орманда тіршілік етеді, ауамен дем аламыз, құстар аспанда қалықтап ұшады.Осының бәрі табиғат деп аталады.

Дұрыс айтасындар бүгін біз осы табиғат ұғымынмен тереңірек танысамыз

Ғажайып сәт; Хат келеді.

Табиғат аясындағы ақ қайың ағашынан хат келіп тұр.

Хат

Сәлеметсіздерме, құрметті балалар!Мен ақ қайынмын,мен сендерге жазда жандарына сая болатын едім, қазіргі кезде менің қалым нашарлап бара

жатыр,маған адамдар көңіл бөліп қарамайды. Менің бұтақтарым сынып сусыз құрап жатыр, мен сендерден сұрайтыным маған көмек беріндерші. Сәлеммен Ақ қайың.

Балалар , сендер, мейрімді , ақылды сүйкімді балаларсыңдар ақ қайыңға көмектесемізба?

Ендеше табиғат аясына саяхатқа шығып ақ қайыңға көмектесейік
Табиғат аясында жүргенде ережелерді айтып жүру(табиғатты ластамау, гүлдерді жұлмау)

Тыныштық сәті: Табиғат құбылдыстарының дыбыстарын тыңдау
(желдің гуілі, жаңбыр жауғанын, құстар , жан-жануарларды естідік)

-Балалар не естідендер?

Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады.

Табиғат- біздің қоршаған орта, туған елім ауа, күн менжер ,су орман мен жан-жануарлар.

Табиғат екіге бөлінеді : Ол тірі және өлі табиғат?

Тірі табиғатқа: ағаш, шөп ,гүл, адамдар, аңдар, құстар , жануарлар, олар өседі , дем алады көбейеді , денесінде жаны бар.

Өлі табиғатқа: су, тас , тау , құм, ауа ,күн,жатады , дем алмайды денесінде жаны жоқ.

Бірақ осы тірі табиғатпен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен оны саяхат барысында бақлап көреміз. Жерде аңдардың іздері жатады балалар бұл осы тірі табиғаттың бірі аңдардың іздері , қараңдаршы табиғат аясында неше түрлі аңдар жүреді екен.

Ал судың қандай пайдасы бар?

Су- балалар өлі табиғатқа жатады, ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы көп екен, демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір- бірмен тығыз байланысты екен.

Балалар біз ақ қайыңға жеткенімізше әлі біраз жол жүруміз керек, мен сендерге тағы бір жұмбақ жасырайын?

Жұмбақ:

Барма, жоқпа оны анық білмейсің

Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің ол ен ? (ауа)

-Ауа не үшін қажет?(дем алу үшін)

-Ауаның түсі қандай ?(түсі жоқ көрінбейді)

-Қолмен ұстауға болама?(қолмен ұстауға болмайды)

Табиғат аясындағы ағаштар ,әсем гүлдер тіпті бөлмеміздегі гүлдерде ауадағы шанды жұтып , бізге таза ауа жібіріп отырады екен, демек өсімдіктерге қамқор болуымыз керек.

1Тәжірбие: Әр баланың қолына айна беріледі, балалар айнаға үрлеп , ауаның бар екеніне көз жеткізеді

2Тәжірбие;Балалар мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашып көрейік. Көрдіндерма балалар ауасыз дем алу мүмкін емес екен.

Ендеше балалар осы табиғат аясында бойымызды бір сергітіп алайық

Сәлеметсізбе ақ қайың, біз сіз жиберген хатыңызды алып сізге көмек берейн деп келдік

Ақ қайың: Амансыздарма балалар менің бұтақтарымды жел соғып сындырып тамырымды кептіріп кетті, маған су құйып, бұтақтарыма көмектесіп жіберіңдер жақсы болар еді

Ақ қайың біздің балалармыз табиғатты қатты құрметтейді. олар табиғат жайлы тақпақтар біледі.

Инжу Саламат

Бұтақтарды сындырмай От та , суда , ауа да

Тазалықты сақтаймыз Жан- жануар барлығы

Гүл өсіріп су құйып Орман теңіз тауларда

Табиғатта қорғаймыз Табиғаттың байлығы

Бақта гүлдер тереміз

Бірге ойнаймыз күлеміз

Міне біздер қандаймыз

Табиғатты қорғаймыз

Міне балалар табиғат аясында ақ қайыңға көмектестік, ендеше саяхатмызды аяқтап балабақшамызға оралайық.

Ағаштардың түрлері : аққайың, шырша, емен, үйеңкі, терек, қарағай т.б

Ағаштың құрылысы: діңі, бұтақтары, жапырақтар. Ағаштың түрлеріне қарай жапырақтары да алуан түрлі болады.

Тыйым сөздер

1 Құстың ұясын бұзба

2 Судың төкпе

3 Суға түкірме

4 Құсты таспен атпа

Балалар бүгін біз үш топта жұмыс жасайтын боламыз

1 топта ермексазбен жұмыс жасаймыз.

2 топта май шамды қолдана отырып сурет саламыз.

3 топта желім арқылы қағазды ұсақтап жапстыру.

Күтілетін нәтиже: Біз тұратын мекен не деп аталады? Тірі табиғатқа нелер жатады? Өлі табиғатқа нелер жатады? Балаларды мадақтау

Апта:

Күні:

Білім беру саласы: В\К «Табиғаттың кішкентай бөлшектері»

Тақырыбы: Жабайы табиғат әлемі

Мақсаты: Балалармен танысып, сәлемдесу ерекшеліктері туралы түсінік беру. Жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Жабайы жануарларды айыра білуге, атай білуге үйрету. Аңдардың балаларын тани білуге, атай білуге үйрету. Балаларға жануарлардың қысқы тіршілігі жайында түсінік беру. Олар қыстың суығынан қалай қорғанатынын, сыртқы бейнелері неліктен өзгертетінін, немен қоректенетін, қыста жануарларға қамқорлық қажет екенін айтып түсіндіру.

Армысыз, мейірімді –Аспан Ата!

-Армысыз,қайырымды-Жер Ана!

-Армысыз,шұғылалы-Нұрлы Күн!

Құт-дарыт бар әлемді жарқырат!

Жарайсыңдар балалар, жүректен жылы сөздер шығады қане бәріміз бір-бірімізге Жылылық танытып,жақсы лебіздерімізді білдірейік: -Таңымыз арайлап атсын! -Күніміз жарқырасын! -Аспанымыз ашық болсын! -Көк туымыз желбірей берсін! -Мен достарымды жақсы көрем! -Әлемде тыныштық болсын! -Деніміз сау болсын! -Бәріміз тату болайық! Міне,менің жылуым, жылуыма жылу қос! Өздерің байқағандай бүгінгі оқу қызметіміз ерекше өтпек.

Ендеше біз бүгін сендермен жабайы жануарлардың қысқы тіршілігімен танысамыз. Қыс мезгілі: Бір жылда неше мезгіл бар? Атап беріңдерші балалар? Қазір жылдың қай мезгілі ? Қыс мезгілінде неше ай бар? (Желтоқсан,қаңтар, ақпан) Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар.? Сендерге қыс мезгілі ұнай ма? Қандар ойындар біз далада ойнаймыз? Қар лақтырып,аққала жасап,сырғанақ тебеміз...(төбешіктерден шанамен сырғанаймыз, Қыста сыртқа шығып,қармен ойнап келгеннен кейін қолғабың су болып қалады.Неге? Өйткені,қар дененіміз су. Аязды күні су қатып,қар мен мұзға айналады.Ал,қолға ұстаған кезде ол сенің алақаныңның жылуымен ери бастайды.Қайтадан суға айналады. . Барлығы бірге айтады. Қимылымен көрсетеді. Төрт мезгіл Қыс,көктем,жаз, күз Үш ай Күн суық,аяз, қырау, боран. Қар жауады жиі-жиі,мұз болады.

Біз сендермен **«Жасырын сурет» ойынын ойнаймыз.**

Бізге қажетті суреттерді қар басып, жасырып қалыпты.Қардан тазалау үшін жұмбақтарды шешейік. Қорбан, қорбаң етеді, Орман оның мекені Тәтті балға тойып ап, Қыста ұйқыға кетеді. Бұл не?(Аю) Олар қайда өмір сүреді? Немен қоректенеді? Жемтігін қалай аулайды? Жауларынан қалай қорғанады? Суықтан қалай сақтанады.? Олардың сыртқы бейнесі қандай?

Бұл – апан (үңгір). Аю болса, өздерің көріп тұрғандай қыс бойы қардың астындағы апанда жатып ұйықтайды. Аю ұйықтап жатқанда кішкентай қонжықтарын дүниеге әкеледі. Оның іші жылы, әрі жайлы. Аю жаз бойы жинаған майынан қорек алып, табанын жалап ұйықтайды. Аю-үлкен, маймақ, қорбаң-қорбаң етіп жүреді. Оның екі кішкентай құлағы, төрт аяғы бар.

Өзі бір қу, жүрген жері айқай шу. (Түлкі) Түлкі – інінде. -Түлкі мұрны иісті жақсы сезеді, ол қар астындағы тышқандарды аулап жейді. Құстарды жейді. -Түлкі, қасқыр, қоян қысқа азық қорын дайындамайды. Олардың көздері қырағы, құлақтары сақ, иіс сезуі жақсы жетілген. Қу, жүні қалың, әдемі... «Табыстыр» ойыны. -Жабайы жануарлардың төлдері болады білесіңдер ғой? Яғни балалары, оларға қамқорлық танытып азығын тасып жүрген анасы адасып қалыпты. Екеуін табыстыру үшін сендер мына тапсырманы орындайсыңдар. -Табыстырып болдық па? -Ендеше жануарлардың төлдерін атай кетейік. Үйлердің шатырларынан мұз сүңгілер салбырап тұрады. Сабалқа қызығушылық танытады. Қар жауады. Ауа-райы суытады. Боран соғады. Айнала аппақ қарға оранады Жұмбақтарды шешеді Қыста Тәжірибе жасайды қоянның терісінің түсін ауыстырады себебін анықтайды

«Жануарлардың балалары (төлдері) Қалай аталады? -Аю баласы-қонжық, -Қасқыр баласы-бөлтiрiк, Қоян баласы-көжек Түлкі баласы-мыршай, Тиін баласы- тиін. Кiрпi баласы-кiрпi.

ОЙЫН: Ойлауға Ең айлакер аң....(түлкі) Ең қорқақ...(қоян) Балды жақсы көретін...(аю) Ең ұзын мойын...(керік) Ең ақылды...(маймыл) Ең ұзақ өмір сүретін...(тасбақа) Ең күші көп ол...(құмырсқа) (Себебі ол өзінен екі есе артық жүкті көтереіп алып жүре алады екен)

-Балалар, табиғаттың бізге берері көп. Табиғаттың тыныштығын сақтап, жан-жағымызға мейірім сыйлап жүрейік. Аюдың –батырлығын, Қоянның –жүйріктігін, Түлкінің –әдемілігін, Тиіннің-ақкөңілдігін, Қасқырдың-қайсарлығын тілеймін .

Күтілетін нәтиже: жабайы аңдардың және балаларының аттарын атап үйренеді оларға қамқорлықпен қарау керек екенін